Ақмола облысының білім басқармасы
Көкшетау гуманитарлы-техникалық колледжі

«Бекітемін»
Колледж директоры
_____Хусаинова К.П.
«29»_____08_____ 2020 ж.

ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Көкшетау – 2020 ж.

- түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу;
- мамандарды даярлау туралы шарттарды жасау және іске асыру

3.Кадрлық қамтамасыз ету

Білім беру процесін кадрлық қамтамасыз ету саласында әлеуметтік әріптестікті дамыту колледжде оқытуға өндірістің тиісті салаларында кәсіптік қызмет тәжірибесі бар мамандарды тарту жолымен жүзеге асырылады.

Мұндай мамандар келесі қызмет түрлеріне тартылуы мүмкін:

- теориялық және практикалық сабақтар өткізу;
- курстық және дипломдық жобалауды басқару;
- бітірушілердің біліктілік жұмыстарына басшылық ету.

Кәсіпорындарда жұмыс істейтін мамандарды колледжде оқытуға тарту ҚР Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шарттарын жасасу жолымен жүзеге асырылады.

Еңбек шартында оқытуға тартылатын мамандардың қызметінің түрлері нақты көрсетіледі (теориялық және практикалық сабақтарды жүргізу,, дипломдық және курстық жобалау басшылығы және т. б.).

4. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету, қосымша қаражат тарту

4.1. Кәсіпкерлер Палатасымен материалдық әріптестік саласында әлеуметтік әріптестікті дамыту. Мұндай шарттар колледждер мен кәсіпорындар, кадрлардың Тапсырыс беруші ұйымдары, халықты жұмыспен қамту қызметтері және т. б. арасында жасалуы мүмкін.

4.2. ҚР Азаматтық кодексі және ҚР "Білім туралы"Заңына сәйкес үш жақты шарттарды жасау және жүзеге асыру.

4.3. Ынтымақтастық туралы шарттар әлеуметтік серіктестердің білім беру мазмұнын жетілдіруді және білім беру үрдісін ұйымдастыруды, білім беру сапасын бақылауды қамтамасыз етуге қатысуын, білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді, атап айтқанда білім беру мекемелеріне ақша қаражатын немесе мүлікті беру жолымен қамтамасыз етуге қатысуын көздеуі мүмкін..

4.4 . Студенттердің өндірістік (кәсіптік) практикасы өткізу туралы жұмыс берушілермен шарттар жасасу және іске асыру студенттердің практикалық дайындығын қамтамасыз ету үшін қажетті әдіс болып табылады..

4.5. Практика базаларын бекітуді колледж әкімшілігі тікелей байланыс негізінде, ұйымдармен олардың ұйымдық-құқықтық нысаны мен меншік нысанына қарамастан келісім-шарттар негізінде жүзеге асырады. Өндірістік (кәсіптік) практиканы өткізуге арналған шартта колледж және ұйым өндірістік (кәсіптік) практиканы өткізуге қатысты барлық мәселелерді айтады.

4.6. Студенттердің өндірістік (кәсіптік) практикасын өткізу туралы жұмыс берушімен келісім-шарт практика өткізу үшін жұмыс орындарын ұсынуды ғана емес, сонымен қатар кәсіпорын (ұйым) тарапынан практикадан өтуге басшылық жасауды қамтамасыз етуді да көздеуі тиіс).

Құрастырған:

Директордың ОӨЖ жөніндегі орынбасары Лихачёва Н